Баспасөз хабарламасы
Астана қ., 12 қараша 2026 жыл

«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС: 2026 жылдың 10 айында мұнай экспорттау көлемі артты

«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС (ҚҚҚ) магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы 2026 жылдың қаңтар–қазан айларында 16 млн 556 мың тонна мұнай тасымалданды. Бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3%-ға артық.

«Атасу – Алашаңқай» мұнай құбыры арқылы 9 млн 477 мың тонна мұнай тасымалданды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 297 мың тоннаға немесе 3%-ға жоғары.

Оның ішінде экспортқа 1 млн 95 мың тонна мұнай жөнелтілді. Бұл 2025 жылдың 10 айындағы көрсеткіштен 28%-ға артық. Транзит көлемі 8 млн 383 мың тоннаны құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1%-ға өсті.

«Кеңқияқ – Құмкөл» мұнай құбыры бойынша тасымалдау көлемі 7 млн 545 мың тоннаны құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 313 мың тоннаға немесе 4%-ға жоғары.

Оның ішінде экспортқа 466 мың тонна мұнай жөнелтілсе, ішкі нарыққа жеткізілген мұнай көлемі 7 млн 79 мың тоннаны құрады. Ішкі нарыққа тасымалдау көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2%-ға артты.

Есепті кезеңде ҚҚҚ жүйесі бойынша мұнай жүк айналымы 14 млрд 992 млн тонна-километрді құрады. Бұл 2025 жылдың қаңтар–қазан айларындағы көрсеткіштен 571 млн тонна-километрге немесе 4%-ға жоғары.

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,2 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие, ұзындығы 5 мың км астам өзге ұйымдардың құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС – «ҚазТрансОйл» АҚ (50%) және China National Oil and Gas Exploration and Development Company Ltd. (50%) бірлескен кәсіпорны. Компания «Кеңқияқ – Құмкөл» және «Атасу – Алашаңқай» магистральдық мұнай құбырларына иелік етеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ
баспасөз қызметі